Айтар сын, тағар міні жоқ

Өңірдегі іргелі өндіріс-кәсіпорындар қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін мойнына зор жауапкершілік алғаны мәлім. Бұл міндеттемелерін іске асыру арқылы олар қарамағындағылардың әл-ауқатының, жағдайының жақсаруына ықпал етері даусыз. Қызметкерлер жағдайының жақсаруы – кәсіпорында жұмыс күшінің тұрақтап, оның өндіріс қуатының артуына бірден-бір себеп. Елге ісмерлігімен аян «Ютария ltd» өндірістік-инновациялық компаниясы» ЖШС асханалар желісін жөндеп, іске қосуда да тәжірибесі барын көрсетіп келеді.

Асхана – барлық талаптарға сай. «Ютария ltd» ӨИК» ЖШС-нің білікті мамандары жөндеу жұмысын межеленген уақытта мәреге жеткізді. Ең бастысы, сапалы. Компания демонтаждау, монтаждау жұмыстарын атқарумен қатар, сумен жабдықтау, кәріз, жылу жүйесін ауыстырды. Желдету жүйелерін орнатты. Жоғары технологиялық жабдықтарды іске қосты.

Асхананың ішкі қосалқы және негізгі үй-жайларын безендіруде қабырғаға, еденге озық қаптау материалдары қолданылды. Ыстық цехқа, кір жуатын бөлмелерге, қоймаларға және дәліздерге дыбыс реттегіш металл типтес төбелер орнатылды. Асханада жууға арналған аспалы төбелер, флуоресцентті Армстронг шамдары бар. Жөндеу жұмыстары өндірістік процесс бойынша тиісті деңгейде, санитарлық параметрлерге сай.

Жезқазған қаласындағы «Ютария ltd» ӨИК» ЖШС-нің жеке жабдықталған базасы бар. Алюминий және металл-пластикалық бұйымдарды жасайтын, электр және сантехникалық, желдету жөнінде мамандар, түрлі деңгейдегі құрылысшылар жетерлік.

«Қазақмыстың» азық-түлік нысандарын нормалар мен бірыңғай стандартқа сәйкестендіру жөніндегі инвестициялық бағдарламасы 2021-2024 жылдарға жоспарланса, биыл компания біраз жөндеу жұмысын сәтті өткерді. Атап айтсақ, 2022 жылы «Қазақмыс» корпорациясының бірқатар нысандарында ағымдағы жөндеу жұмыстарын атқарды. Оның ішінде, №1 Жезқазған кен-байыту комбинатының №1, 2, 3, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны, «Қарашошақ» Жезқазған кен-туннельдік тресі, №67 «Батыс» кеніші, №65 Оңтүстік Жезқазған кеніші, Технология колледжі жанындағы асхана, Тау-кен жабдықтары зауыты.

Қазіргі таңда Жомарт кенішіндегі асханада, «Западный» кенішінің №73/75 шахтасында, Шығыс Жезқазған кенішіндегі №55 шахтада жөндеу жұмыстары жүргізілуде. «Қазақмыс» корпорациясының жөндеу жұмыстарына жауапты «Ютария ltd» ӨИК» ЖШС компаниясы туралы пікірі түзу. Жұмыстарына айтар сын, тағар міні жоқ. Сонымен қатар, компанияның жаңа жылға да батыл жоспары бар екендігін атап өткен абзал. «Ютария ltd» алдағы жылы Қарағанды, Балқаш және Жезқазғандағы асханаларда жөндеу жұмыстарын жүргізуді көздеп отыр. Тек жыл басынан бергі жасалған жұмыстардың өзі компанияның келешегі кемел екенін айқындап, өндірістегі өз орнын табуда толық мүмкіндік.

№328.

Жаңа бастамалармен төртінші онжылдыққа

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал, «Отбасылық құндылықтар» кабинетінде ата-әжелер, әкелер, аналар мектебі және «Қаһарман» ұлдар клубы мен «Тұмар» қыздар клубы бірлесіп жұмыс атқаратын болады.

«Жастар және модернизация» кабинетінде Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы жанынан ашылған «Жастар зертханасының» филиалы жас мамандардың болашаққа бағдар жасайтын орнына айналады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ, мұнда «Әлихан айнасы» жаңалықтар орталығы да бірге жұмыс істейді.

Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар, Менделеев кестесінің Қазақстанда бар элементтері, өсімдіктер әлемі, жер-су атаулары және әлем картасы өрнектелген «Жасыл әлем» бұрышында оқушылар өздерінің жаратылыстану бағытындағы білімін жетілдіреді. Әлихан Бөкейханның орман шаруашылығы бойынша зерттеген жұмыстарымен танысады.

Мерекелік кештің концерттік бағдарламасы да өз деңгейінде өтті. Мектептің экс-басшылары, ардагер ұстаздар мен түлектер, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Бақытқүл Әбдікерова, AMANAT партиясы облыстық филиалының, Әлихан Бөкейхан ауданы бөлімшесінің өкілдері, Қарағанды қаласы мен Әлихан Бөкейхан ауданы әкімдігінің өкілдері, облыстық мәслихаттың депутаты, мектеп түлегі Ғабдолла Дүйсенбаев, ата-аналар өз алғысын айтып, құттықтау тілегін жолдады, естелік сыйлықтарын табыстады.

Сондай-ақ, мектептің ұлағатты ұстаздары түрлі марапаттарға ие болды. Атап айтсақ, үш мұғалім «Нәтиже» сүт фабрикасының директоры Ерлан Әшім, алты мұғалім AMANAT партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков тағайындаған ақшалай сыйлыққа ие болды. Кеншілер мәдениет сарайының басшысы Жарулла Пазылұлы да қолдау көрсетіп, демеушілік етті. Ал, мектептің бұрынғы басшысы Мартбек Күзембаев ыстық лебізін білдіріп, мерейтойға Әлихан Бөкейханның портретін сыйлады.

Мектептің өнерпаз жастары мен өнер ұжымдары өнерін көрсетіп, білім ошағының жанашыры Аманжол Қуанбай «Коворкинг» орталығына «Қарқаралы қазылық» жыр жинағын табыс етті.

– Қазір бізде даярлық сыныбынан бастап, 11-сынып аралығында 1087 оқушы білім алып жатыр. Оларға 90-ға жуық мұғалім білім мен тәрбие береді. Гуманитарлық және жаратылыстану бағытында жұмыс істейміз. Қалалық білім бөлімінің «Зияткерлік модернизация» деген жобасы бар. Оған қаладағы қазақ мектептері ғана кіреді. Ол жобаның басты мақсаты қазақ мектептері мен қазақ балаларының әлеуетін арттыру. Сол бойынша жүйелі жұмыс істеп келеміз. Осы мерейтойға орай сол жоба аясында үш кабинет, бір бұрыш аштық. Бұл бастамаларды ашуға мектеп түлектері демеушілік жасады. Мектеп түлектеріне, мерейтойға демеуші болып, ұстаздарға өз марапатын тағайындаған белгілі меценаттар, білім жанашырлары Бекзат Алтынбеков мырзаға, Ерлан Әшім мырзаға, ұйымдастыруға атсалысқан барлық мектеп жанашырына шексіз алғыс айтамын, – дейді Әлихан Бөкейхан мектебінің директоры Айнұр Жаппарқұлова.

Облыстың білім басқармасы, қалалық білім бөлімі, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, AMANAT партиясы, қала, аудан әкімшілігі, қалалық мәслихат, облыстық мәслихат, қоғамдық кеңес және басқа да мектеп жанашырлары мерейтойдың жинақы өтуіне қол ұшын созып, жанашырлық танытқанын атап ату керек.

Осылайша, бір кездері терезеге шыны, оқушыға кітап таппай қиналып, бүгінде Арқадағы іргелі білім ордасына айналған Әлихан мектебі 30 жылдығын өз деңгейінде атап өтіп, төртінші онжылдыққа жаңа бастамалармен қадам басты...

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Хабарландыру

«ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының Қарағанды өндірістік филиалы ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2022 жылғы 31 қаңтар сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Қарағанды қ. а., Қарағанды қ., Ермеков к-сі 104/1, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қарағанды ҚФ мекенжайы бойынша «Қарағанды қаласының «Сары-Арқа «МГ АГРС – «Қарағанды» МГ газ тарату желілерінің шығарындылары көздерінен атмосфераға жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы бойынша және 31 қаңтар сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Теміртау қ. а., Теміртау қ., Тәуелсіздік бульвары к-сі, 12, Теміртау қаласы әкімдігінің ғимараты мекенжайы бойынша «Теміртау қаласының «Сары-Арқа» МГ АГРС – «Теміртау» газ тарату желілерінің шығарындылары көздерінен атмосфераға жол берілетін шығарындылар (ХДВ) нормативтерінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz), сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz) және ЖАО сайтында ұсынылады https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Онлайн қосылуларға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJID8KqR_l1TMVqFqKyTqONXbvg

Конференция идентификаторы: 320 844 9619

Пароль: 8dxvkq

Қосымша ақпаратты Қарағанды қ. а., Қарағанды қ., Ермеков к-сі 104/1, «ҚазТрансГаз Аймақ»АҚ Қарағанды ҚФ және Теміртау қ. а., Теміртау қ., Тәуелсіздік бульвары к-сі, 12, Теміртау қаласы әкімдігінің ғимараты мекенжайы бойынша және 87053452360 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление

ТОО «Карагандинский производственный филиал акционерного общества «КАЗТРАНСГАЗ АЙМАК» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 часов 00 мин. 31 января 2023 года по адресу Карагандинская область, Караганда Г.А., г.Караганда, ул. Ермекова 104/1, Карагандинский ПФ АО «КазТрансГаз Аймак»по проекту «Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) в атмосферу от источников выбросов газораспределительных сетей города Караганда от АГРС – «Караганда» МГ «Сары-Арка», а также в 15 часов 00 мин. 31 января по адресу Карагандинская область, Темиртау Г.А., г.Темиртау, ул. Бульвар Независимости, 12, здание Акимата города Темиртау по проекту Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) в атмосферу от источников выбросов газораспределительных сетей города Темиртау от АГРС – «Темиртау» МГ «Сары-Арка» состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (https://ecoportal.kz), а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru,

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале (https://ecoportal.kz).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале (https://ecoportal.kz) и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru,

Ссылка на онлайн подключения

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJID8KqR_l1TMVqFqKyTqONXbvg

Идентификатор конференции: 320 844 9619

Пароль: 8dxVkQ

Дополнительную информацию можно получить по адресу Карагандинская область, Караганда Г.А., г.Караганда, ул. Ермекова 104/1, а также Темиртау Г.А., г.Темиртау, ул. Бульвар Независимости, 12, здание Акимата города Темиртау и по телефону 87053452360.

№908.

Хабарландыру

«Тектурмас Ресорсис» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2023 жылғы 30 қаңтарда сағат 14:30-да Қарағанды облысы, Краснополянский а.о., Красная поляна а., Байқоңыр к-сі, 24-ғимарат мекенжайында Қарағанды облысы Тектұрмас учаскесінде хром кендері мен ілеспе компоненттерді барлау жоспарына «қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz), сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz) және ЖАО сайтында ұсынылады https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Онлайн қосылуларға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJID8KqR_l1TMVqFqKyTqONXbvg

Конференция идентификаторы: 320 844 9619

Пароль: 8dxvkq

Қосымша ақпаратты Қарағанды облысы, Краснополянский а.о., Красная поляна а., Байқоңыр к-сі, 24 ғимараты мекенжайы бойынша алуға болады.

Объявление

ТОО «Тектурмас Ресорсис» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 14 часов 30 мин. 30 января 2023 года по адресу Карагандинская область, Краснополянский с.о., с.Красная поляна, ул.Байконыр, здание 24, по проекту «Оценка воздействия на окружающую среду» к плану разведки хромовых руд и попутных компонентов на участке Тектурмас в Карагандинской области состоится общественные слушания в форме открытого собрания.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (https://ecoportal.kz), а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru,

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале (https://ecoportal.kz).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале (https://ecoportal.kz) и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru,

Ссылка на онлайн подключения

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJID8KqR_l1TMVqFqKyTqONXbvg

Идентификатор конференции: 320 844 9619

Пароль: 8dxVkQ

Дополнительную информацию можно получить по адресу Карагандинская область, Краснополянский с.о., с.Красная поляна, ул.Байконыр, здание 24.

№331

ҚР дамуының кеңестік моделі

Халқымыздың тарихы бізге дінге деген көзқарастың әртүрлі кезеңдерін көрсетеді. Бекітілген мемлекеттік діннің болуынан зайырлы модельге дейінгі кезеңдерден өткеннен кейін біз де атеизм кезеңінен өттік. Бай тәжірибеге сүйене отырып, біз тәуелсіз көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет ретінде конституциялық тұрғыдан өзімізді зайырлы деп бекіттік. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мемлекет, ҚХА және діни бірлестіктер бірдей таратқан халқымыздың рухани құндылықтары теократиялық немесе атеистік мемлекет моделін қолдай отырып, өткен ұрпақтардың күш-жігерін құнсыздандыруға және халқымызды рухани салада таңдау құқығынан айыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан зайырлылықтың негіздері: мемлекеттік діннің болмауы, діни сенім бостандығы, діндердің теңдігі, сондай-ақ дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі.

Дінді мемлекеттен бөлу қағидаттарын қамтамасыз ете отырып, біз де конфессияаралық оң қарым-қатынасты қамтамасыз етеміз. Бүгін ҚР-да 18 конфессия тіркелген. Қарағанды облысында ресми түрде 15 конфессия жұмыс істейді, олардың өкілдері 2021 жылы құрылған діни бірлестіктер клубының құрамына кіреді. Конфессиялардың әрқайсысы конфессиялық ілімдерге сәйкес нормалар мен ережелерді ұстанады, бірақ барлық айырмашылықтармен, мемлекет сияқты, жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне айтарлықтай үлес қосады. Күш-жігерді, мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдарды, сондай-ақ діни бірлестіктердің өкілдерін біріктіре отырып, облыс халқының барлық санаттары арасында профилактикалық іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етеді. Тек конфессиялар арасындағы ғана емес, сонымен бірге діни бірлестіктермен мемлекет арасындағы диалогтың арқасында біз өз алдымызға ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, сондай-ақ халқымыздың рухани құндылықтарын насихаттау мақсаттарын қоямыз.

Осы жағдайларға сүйене отырып, біз бүкіл әлем үшін конфессияаралық келісімнің үлгісі екенімізді сенімді түрде айта аламыз. Қиын және қуанышты кезеңдерде дін көршісіне деген сүйіспеншілікті насихаттау арқылы бірлікке ықпал етті. Өзін зайырлы мемлекет ретінде көрсете отырып, Қазақстан таңдаған жол – діндерді өзара құрметтеу, конфессияаралық келісім, азаматтардың теңдігі, діни сенім бостандығы және этносаралық игі қарым-қатынас жолы.

Е.МАЙБОРОДА

№327

Теміртау қалалық сотында судья Л.Д.Токшылыкова Наумов Александр Романовичтің өтініші бойынша, мекенжайы: ҚР, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Металлургтер даңғылы, 15/1-60, Теміртау қаласының тумасы, 27.051987 ж.т. Наумов Павел Владимировичті хабарсыз кеткен деп тану туралы іс қозғады. П.В.Наумовтың қайда жүргені туралы білетін жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, үш ай мерзім ішінде сотқа хабарласулары сұралады.

№907.